

Электрондық және электр техникалық өнеркәсіптің салаларын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 23 желтоқсан N 1327

Қазақстан Республикасында электрондық және электр техникалық саланы дамыту үшін жағдай жасау және импортты ауыстыратын тауарлар өндіруді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 1-қосымшаға сәйкес ұйымдардан:

1) өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы электрондық аппаратуралар;
2) технологиялық бақылау жасау және басқару жүйелерін қоса алғанда байланыс, энергетика, өнеркәсіп салалары үшін кабель өнімдерін өндіруі жөнінде консорциум құру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген ұйымдарға консорциум құру жөніндегі қажетті ұйымдастыру рәсімдерін жүргізуге жәрдем көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес:

1) 4 (төрт) млн. теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған резервінің қаражаты есебінен, жарғылық капиталында мемлекеттің 100% үлесімен "Индустриялық парк" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) құру жөніндегі іс-шараны жүзеге асырсын;

2) осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген ұйымдардың жарғылық капиталындағы қатысудың мемлекеттік үлесін Қоғамға сенімді басқаруға берсін;

3) кейін оларды Қоғамға сенімді басқаруға беру үшін мемлекеттік мүліктің, оның ішінде акционерлік қоғамдардың акциялары пакетінің тізбесін белгілесін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.31. N 332 қаулысымен. P990332

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құжаттар түскен кезде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен бір апталық мерзім ішінде Қоғамды мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Әділет министрлігі және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті белгіленген тәртіппен, кейін бөлінген мүлікті Қоғамның жарғылық капиталына беру мақсатымен, "Қазақ радиотехникалық зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін әкімшілік үйі мен "Дэко" акционерлік қоғамына қатысу үлесін

қамтитын оның мүлiктiк кешенiнiң бiр бөлiгiне айырбастаудың мүмкiндiгi туралы мәселенi
п ы с ы қ т а с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Көлiк және коммуникациялар министрлiгi Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлiгiмен бiрлесiп мына ж о б а л а р д ы :

1) 1999 жылдың 1 сәуiрiне дейiн өнеркәсiптiң электрондық және электр техникалық салаларын дамыту бағдарламасын;

2) 1999 жылдың 1 наурызына дейiн облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкiмдерiмен бiрлесiп "Қазақстан темiр жолы" республикалық мемлекеттiк кәсiпорны мен "Қазақтелеком", "ҚазТрансОйл", "KEGOC", "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлiк қоғамдарының қатысуымен көрсеткiштерiн 2-қосымшаға сәйкес жеткiзе отырып электрондық және электр техникалық өнiмдердi дамыту мақсатында импортты ауыстыру жөнiнде ұсыныс әзiрлесiн және Үкiметке е н г i з с i н .

7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлiгi "Селолық жерлерге арналған телекоммуникациялық жабдықтарды өндiру және жаңарту" жобасын 20 (жиырма) млн. АҚШ доллары мөлшерiнде Қазақстан Республикасының мемлекеттiк кепiлдiгi бар мемлекеттiк емес сыртқы заемның қаражаты есебiнен қаржыландырылатын инвестициялық жоба ретiнде 1996-1998 жылдарға арналған мемлекеттiк инвестициялардың бағдарламасына кiргiзсiн және аталған жоба бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттiк кепiлдiгiн беру үшiн Қазақстан Республикасының Қаржы министрлiгiне қорытынды ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлiгi Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлiгi қорытындысының негiзiнде шетелдiк кредиторға Қазақстан Республикасының "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1997 жылғы 9 желтоқсандағы заңымен бекiтiлген мемлекеттiк кепiлдіктер лимитiнiң шегiнде тартылған заемның сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттiк кепiлдiгiн берсiн.

9. Экономикалық даму және ынтымақтастық қоры (EDCF, Корея Республикасы) "Селолық жерлерге арналған телекоммуникациялық жабдықтарды өндiру және жаңарту" жобасын қаржыландыруға бағытталатын Қазақстан Республикасының мемлекеттiк кепiлдiгiмен мемлекеттiк емес сыртқы заем бойынша кредитор болып белгiленсiн.

10. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөнiндегi мемлекеттiк комитетi белгiленген тәртiппен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қажеттi жеңiлдіктер мен преференциялар ұсынуды көздеп, Қоғаммен "Селолық жерлерге арналған телекоммуникациялық жабдықтарды өндiру және жаңарту" инвестициялық жобасын iске асыру жөнiнде келiсiм-шарт жасасын.

11. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрiнiң орынбасары А.С.Павловқа жүктелсiн.

12. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
23 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
1-қосымша

Электрондық және электр техникалық мақсаттағы өнім өндіру

жөніндегі консорциумға кіретін ұйымдардың
Тізбесі

"Дазко" акционерлік қоғамы (Алматы қаласы)

"Интерконнект" бірлескен кәсіпорны (Курчатов қаласы)

Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.01. N 313 қаулысымен.

P010313_

Баспасөзде жарияланбайды

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
23 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
2-қосымша

Электрондық және электр техникалық мақсаттағы өнімдердің

импортын Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының
өніміне ауыстыру жөніндегі болжамдалатын көлемдер

N Қазақстан Республикасының		1999 жылы (млн.АҚШ долл.)		2000 жылы (млн.	
ұйымдары		АҚШ долл.)			
1 "Қазақтелеком" ашық акцио-		15		25	
нерлік қоғамы, оның ішінде					
кабель өнімі		5	8		
2 "Қазақстан темір жолы"		2		5	
республикалық мемлекеттік					
кәсіпорны					
3 "KEGOC" ашық акционерлік		1		2	
қоғамы					

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Кобдалиева Н.М.

